

2021-2022 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдар

1. Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ТжКОББ) оқу процесін ұйымдастыруға қатысты.

Жаңа оқу жылында еліміздің колледж студенттері штаттық оқыту форматына көшеді. Бұл ретте, оқу пәндерінің 20%-ын қашықтықтан жүргізуге рұқсат етіледі. Лабораториялық, практикалық сабақтар мен кәсіптік практика штаттық режимде өтеді, Яғни, бір оқу ғимаратындағы студенттердің санын шектеу үшін теория мен практиканың ауысып отыруы қарастырылуы қажет.

Инфекциялық аурулардың белгілері бар және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін оқыту қашықтықтан ұйымдастырылатын болады.

«Бір аудитория – бір топ» қағидаты сақталады, сабақтар студенттердің ауысып жүруінсіз өткізіледі, бірақ бұл ретте жылжымалы сабақ кестесі жасалады, сондай-ақ оқу топтары үшін үзілістер әр түрлі уақытта белгіленеді.

Колледждердің штаттық режимде жұмыс істеуі үшін «ASHYQ» қосымшасын енгізу міндетті болып табылады.

Оқытудың дәстүрлі форматына көшу қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды, оның ішінде санитарлық нормаларды сақтай отырып жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар, асханалар, жатақханалар, шеберханалар мен зертханалар өз жұмысын қайта бастайды.

Барлық білім беру ұйымдарында білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын сақтау мақсатында бетперде режимі, күнделікті термометрия, сондай-ақ антисептиктерді пайдалану, аудиторияларды, кабинеттерді және басқа да үй-жайларды тұрақты дезинфекциялау, желдету және кварцтау, білім беру жүйесінің қызметкерлері мен 18 жастан асқан студенттерді (медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды қоспағанда) вакцинациялау шаралары арқылы іске асырылады.

Бүгінгі таңда колледждердің штаттық режимге көшуі кезінде жұмыс істеуінің басты шарты вакцинация және санитарлық нормаларды сақтау болып табылады.

Сондай-ақ, бұқаралық, мәдени және спорттық іс-шараларды өткізуге шектеулер енгізу қажет.

Салтанатты жиынды санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, 1 курс білім алушылары үшін дәстүрлі форматта өткізу рұқсат етіледі.

Барлық білім алушылар үшін 1 қыркүйек Білім күнінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» кураторлық сағат өткізіледі.

Кураторлық сағаттың мақсаттары:

1. Білім алушылардың патриотизмін тәрбиелеу, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру.

2. Туған елдің тарихына деген қызығушылықты арттыру.

3. Азаматтық сана-сезімді қалыптастыру, жастар ортасына толеранттылық идеяларын ілгерілету, ел өміріне қатыстылық сезімін тәрбиелеу.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шараларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сайтында (<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/205205?lang=ru>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/205205?lang=kk>), Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтында (<https://nao.kz/loader/fromorg/2/55>) орналастырылған Тәуелсіздіктің жетістіктері мен құндылықтарын ақпараттық ілгерілету жөніндегі медиаконтентті пайдалануды көздеу қажет.

Колледждерде оқу процесін ұйымдастыру «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 тамыздағы № 36 бекітілген қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

2. ТЖКОББ ұйымдарында академиялық дербестікті енгізуге қатысты

Академиялық дербестікті енгізу техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 23 шілдедегі №362 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына енгізілген өзгерістер) (бұдан әрі - МЖМБС) сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Білім беру бағдарламаларын МЖМБС, кәсіптік стандарттар (бар болса), WorldSkills кәсіптік стандарттар (бар болса) талаптарының негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен ТЖКОББ ұйымдары дербес әзірлейді.

Білім беру бағдарламасына: паспорт, оқу жұмыс жоспары және оқу жұмыс бағдарламалары кіреді.

2021-2022 оқу жылында білім беру бағдарламаларына мынадай базалық модульдерді енгізу көзделеді:

- 1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану.

«Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану» модулін қосу орта буын мамандарын даярлау кезінде білім беру бағдарламаларында көздеу қажет.

Осы модульді оқыту нәтижелерінің бірі толеранттылықты, белсенді жеке позицияны қалыптастыратын моральдық-адами құндылықтар мен нормаларды түсіну болып табылады. Бұл нәтижеге қол жеткізу үшін білім беру ұйымдарына мынадай өлшемдерді: әлемдік және дәстүрлі діндердің тарихын, сондай-ақ олардың қазіргі жай-күйін түсінуді енгізуге болады.

ТЖКОББ ұйымының қалауы бойынша базалық модульдер әскери мамандықтарды қоспағанда, мамандық бейініне байланысты кәсіптік модульдерге біріктіріледі.

Қосымша базалық модульдерді қосуға рұқсат етіледі.

Базалық немесе кәсіптік модульдерді, факультативтік сабақтарды игеру шеңберінде ТЖКОББ ұйымының қалауы бойынша білім алушылардың мемлекеттік тілді қосымша оқып-үйренуі мүмкін.

Кәсіптік модульдердің тізбесі мен мазмұнын ТЖКОББ ұйымы дербес айқындайды. Бұл ретте ТЖКОББ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын пайдалану ұсынылады. Жобалар «Talar» КЕАҚ сайтында орналастырылған: kasipkor.kz (қосымша – «Білім беру мазмұны»- «НҚА жобалары 2021» - «ҮОЖ»).

ТЖКОББ ұйымы міндетті оқытуға бөлінген кредиттердің/сағаттардың жалпы санын сақтай отырып, модульдер және/немесе пәндер көлемін дербес айқындайды. Әрбір модульдің жалпы көлемі кредиттердің бүтін санын құрайды.

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығына сәйкес әзірленеді.

Жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу үшін «Talar» КЕАҚ сайтында орналастырылған «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша жұмыс оқу жоспарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды», «ТЖКОББ ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, өзектендірілген ҮОЖ негізінде жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» пайдалану ұсынылады: kasipkor.kz (қосымша – «Білім беру мазмұны» - «НҚА жобалары 2021» - «ТЖКОБ мамандықтары бойынша ОЖЖ әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар»).

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқыту үшін білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, бейімделген бағдарламалар әзірленеді.

- Жалпы білім беру пәндеріне қатысты (ЖБП модулі)

«Жалпы білім беру пәндері» модулі бойынша сағаттардың жалпы саны 60 кредит/1440 сағатты құрайды («Хореография өнері» мамандығы бойынша - 38 кредит/912 сағат), жалпы білім беру пәндері 1-2 курста оқытылады және базалық және/немесе кәсіптік модульдермен интеграциялануы мүмкін.

Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалады.

Жаратылыстану-математикалық бағытқа келесі бейіндер жатады: пәндік мамандануы бар оқытушыларды даярлау («Информатика», «Кәсіптік оқыту» мамандықтары); Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс; Қоршаған орта және жабайы табиғат; Жер туралы ғылымдар; Статистика; Деректер базасы мен ақпараттық желілерді құру және оларды әкімшілендіру; Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және талдау; Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен байланысты пәнаралық бағдарламалар мен біліктіліктер; Химиялық инженерия және процестер; қоршаған ортаны қорғау технологиясы; Электр техникасы және энергетика; Электроника және автоматтандыру; Механика және металл өңдеу; Автокөлік құралдары, теңіз және әуе кемелері; Тамақ өнімдерін өндіру; Материалдар өндірісі (шыны, қағаз, пластик және ағаш); Тоқыма (киім, аяқ киім және былғары бұйымдары); Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру; Сәулет және қала құрылысы; Құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс; Жобалауға, өндіруге және құрылысқа байланысты пәнаралық бағдарламалар мен біліктіліктер; Ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіру және мал өсіру; Өсімдік; Орман шаруашылығы; Ветеринария; Тұрмыстық қызмет көрсету; Шаштараз және косметологиялық қызметтер; Қонақ үй қызметі, мейрамханалар және тамақтану саласы («Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы); Өндірістегі еңбекті қорғау және қауіпсіздік; Азаматтар мен меншікті қорғау; Көлік қызметтері.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытқа келесі бейіндер жатады: Мектепке дейінгі мекемелер үшін тәрбиешілерді даярлау; Пәндік мамандандырылған оқытушыларды даярлау; Пәндік мамандандырумен оқытушыларды даярлау; Сән, интерьер дизайн және өнеркәсіптік дизайн; Бейнелеу өнері; Қолөнер өндірісі; Музыка және театр өнері; Дін және теология; Тіл үйрену; Кітапхана ісі, ақпаратты өңдеу және мұрағат ісі; Бухгалтерлік іс және салық салу; Қаржы, банк және сақтандыру ісі; Менеджмент және басқару; Маркетинг және жарнама; Құқық; Стоматология; Медицина; Науқастарға күтім жасау (Мейірбике ісі) және акушерия; Медициналық диагностика және емдеу технологиялары; Фармацевтика; Әлеуметтік жұмыс және консультация беру;

Денсаулық сақтаумен және әлеуметтік қамтамасыз етумен байланысты пәнаралық бағдарламалар мен біліктіліктер; Қонақ үй қызметі, мейрамханалар және тамақтану саласы; Саяхат, туризм және бос уақыт.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін арнайы оқу бағдарламаларындағы жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемін ТЖКБ ұйымы мамандықтың бейініне байланысты дербес айқындайды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша емтихандар «Жалпы білім беретін пәндер» модуліне бөлінген кредиттер/сағаттар есебінен өткізіледі.

**Қазақ тілінде оқытатын техникалық және
кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша
үлгілік оқу жоспары**

№	Бағыты			
	Қоғамдық-гуманитарлық		Жаратылыстану-математикалық	
Инвариантты компонент				
Міндетті пәндер				
	Оқу пәндері	Сағат саны	Оқу пәндері	Сағат саны
1	Математика	120	Математика	192
2	Информатика	48	Информатика	48
3	Қазақ тілі	96	Қазақ тілі	72
4	Қазақ әдебиеті	96	Қазақ әдебиеті	72
5	Орыс тілі және әдебиеті	120	Орыс тілі және әдебиеті	96
6	Шет тілі	96	Шет тілі	96
7	Қазақстан тарихы	96	Қазақстан тарихы	96
8	Өзін-өзі тану	48	Өзін-өзі тану	48
9	Дене шынықтыру	120	Дене шынықтыру	120
10	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	96	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	96
Оқу жүктемесі		936		936
Таңдау бойынша пәндер				
Тереңдетілген деңгей: 144 сағаттан 2 пән				
11	Химия		Физика	
12	Биология		Химия	
13	Дүниежүзі тарихы		Биология	
14	География		География	
Оқу жүктемесі		288		288
Таңдау бойынша пәндер				
Тереңдетілген деңгей: 72 сағаттан 2 пән				
15	Физика		Биология	
16	Химия		География	
17	Графика және жобалау		Дүниежүзі тарихы	
Оқу жүктемесі		144		144
Инвариантты оқу жүктемесі		1368		
Аралық аттестаттау		72		
Жалпы сағат саны		1440		

**Оқыту орыс тілінде жүргізілетін техникалық
және кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша
үлгілік оқу жоспары**

№	Бағыты			
	Қоғамдық-гуманитарлық		Қоғамдық-гуманитарлық	
Инвариантний компонент				
Обязательные дисциплины				
	Оқу пәндері	Сағат саны	Оқу пәндері	Сағат саны
1	Математика	120	Математика	192
2	Информатика	48	Информатика	48
3	Орыс тілі	96	Орыс тілі	72
4	Орыс әдебиеті	96	Орыс әдебиеті	72
5	Қазақ тілі және әдебиеті	120	Қазақ тілі және әдебиеті	96
6	Шет тілі	96	Шет тілі	96
7	Қазақстан тарихы	96	Қазақстан тарихы	96
8	Өзін-өзі тану	48	Өзін-өзі тану	48
9	Дене шынықтыру	120	Дене шынықтыру	120
10	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	96	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	96
Оқу жүктемесі		936		936
Таңдау бойынша пәндер				
Терендетілген деңгей: 144 сағаттан 2 пән				
11	Химия		Физика	
12	Биология		Химия	
13	Дүниежүзі тарихы		Биология	
14	География		География	
Оқу жүктемесі		288		288
Таңдау бойынша пәндер				
Терендетілген деңгей: 72 сағаттан 2 пән				
15	Физика		Биология	
16	Химия		География	
17	Графика және жобалау		Дүниежүзі тарихы	
Оқу жүктемесі		144		144
Инвариантты оқу жүктемесі		1368		
Аралық аттестаттау		72		
Жалпы сағат саны		1440		

Пәндер бойынша сағат көлемі ұсынымдық сипатта болады және 1440 сағаттың жалпы санын сақтай отырып, ТЖКОББ ұйымы дербес айқындайды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары «Талар» КЕАҚ сайтында еркін қолжетімді: kasipkor.kz (қосымша – «Білім беру мазмұны» - «ЖББМ үлгілік оқу бағдарламалары»).

- Кредиттік-модульдік оқыту технологиясын енгізуге қатысты

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде МЖМБС басшылыққа алу қажет.

ТжКОББ жүйесіндегі кредиттік оқыту технологиясы оқу орнына, нысанына және мерзіміне қарамастан, оқытудың бүкіл кезеңі ішінде біліктілікті беру үшін бағалау арқылы оқыту нәтижелерін тануды және ауыстыруды көздейді.

Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі ТжКОББ кредиттерімен өлшенеді. ТжКОББ кредитінің түрі біліктіліктегі оқу нәтижелерінің жалпы салмағының және біліктілікке қатысты оқу нәтижелерінің нақты салмағының сандық көрінісі ретінде түсіндіріледі.

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде міндетті оқу кредиттерінің саны:

- негізгі орта білім базасында жұмыс біліктіліктерін игеруге арналған 120-180 кредиттен;

- жалпы орта білім базасында жұмыс біліктіліктерін игеру үшін 60-120 кредиттен;

- негізгі орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 180-240 кредиттен. Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 2 жұмыс біліктілігіне дейін игеруге жол беріледі;

- жалпы орта білім базасында орта буын маманы біліктілігін игеру үшін 120-180 кредиттен. Кредиттердің осы көлемі шеңберінде 2 жұмыс біліктілігіне дейін игеруге жол беріледі;

- техникалық және кәсіптік білім базасында орта буын біліктілігін игеру үшін 60 кредиттен (мәндес біліктілік бойынша);

- қолданбалы бакалавр біліктілігін игеру үшін 60-180 кредиттен құралады.

Міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемі оқу жылына 60 кредит/1440 сағатты құрайды.

1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең.

Біліктілікті игеру кезінде ТжКОББ ұйымының қалауы бойынша білім алушының жеке компоненті педагогтің басшылығымен білім алушылар өз бетінше орындайтын жобалау жұмысы арқылы іске асырылады.

Жобалау жұмысы кәсіптік модульдерді игеруге көзделген кредиттер шеңберінде іске асырылады. Жобалау жұмысының бағытын, түрін және көлемін білім алушылармен келісім бойынша білім беру ұйымы айқындайды. Ұсынылатын жобалар түрлері: шығармашылық, ақпараттық жобалар, зерттеу, практикаға бағытталған. Жобалық жұмыс жеке, жұптық және студенттер тобымен орындалуы мүмкін.

- Білім беру бағдарламаларының Тізіліміне қатысты

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын есепке алудың бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру

үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімі (бұдан әрі – ББ тізілімі) әзірленді.

2021-2022 оқу жылында ББ паспорттары ББ паспортына сараптама жүргізбей, білім беру ұйымының әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңесінің шешімі негізінде ББ тізілімінің порталында орналастырылады.

Тізілімде орналастыру ББ тізілімінің порталында ББ паспортын толтыру жолымен жүзеге асырылады.

ББ паспорты ББ тізілімінің порталында білім беру ұйымымен дербес толтырылады (электрондық мекен-жайына сілтемені «Talar» КЕАҚ ұсынады).

Білім беру ұйымының ББ тізілімінің порталында ББ паспортын орналастыру үшін:

- порталда жұмыс істеуге рұқсат алу (тіркелу);
- порталда ББ паспортын толтыру және сақтау (ББ паспортының құрылымы төменде келтірілген).

ББ паспортының нысаны

Тізілімде тіркелу күні:			
Тірке нөмірі:			
ББ паспортын жаңарту күні:			
Мамандық атауы мен коды:			
Біліктілік/біліктіліктер атауы мен коды:			
ТЖКОБ ұйымы (Әзірлеуші):			
Әзірлеуші-серіктестер:			
ББ мақсаты:			
ҰБШ бойынша деңгейі:			
СБШ бойынша деңгейі:			
Кәсіптік стандарт (бар болса):			
WorldSkills кәсіптік стандарт (бар болса):			
Оқыту формасы:			
Білім базасы:			
Оқыту тілі:			
Кредиттердің жалпы көлемі:			
Әдістемелік (оқу -әдістемелік, ғылыми -әдістемелік) кеңесте ББ қарау күні:			
Білім қызметімен айналысу лицензиясының нөмірі:			
Білім беру қызметімен айналысу лицензиясына қосымшаның нөмірі:			
ББ -ның айрықша белгілері:			
Модульдер/пәндердің мазмұны туралы ақпарат:			
№	Модуль / пән атауы	Оқу нәтижелері/бөлімдер	Кредит/сағат көлемі
1	...	1. ... 2.
...			

Тізілімде орналастырылған ББ паспорттарына қолжетімділік жалпыға бірдей болып табылады және Интернет желісі арқылы тегін негізде жүзеге асырылады.

3. «Жас маман» жобасы шеңберінде әзірленген білім беру бағдарламаларын енгізуге қатысты

«Жас Маман» жобасын іске асырудың негізгі сәттерінің бірі 2021-2022 оқу жылынан бастап «Талар» КЕАҚ сайтында орналастырылған «Жас Маман» жобасы аясында 54 мамандық бойынша әзірлеген 180 ТЖКОББ ұйымдарында білім беру бағдарламаларын енгізу болып табылады <https://kasipkor.kz> («Жобалар» қойындысы – «Жас маман» жобасы – «Шетелдік серіктес әзірлеген материалдар»). Шетелдік серіктестің 54 мамандығы бойынша әзірленген білім беру бағдарламаларының саны 1 кестеде келтірілген.

1-кесте.

№	Аймақ	Колледждер саны	Білім беру бағдарламаларының саны
1	Ақмола облысы	11	30
2	Ақтөбе облысы	10	31
3	Алматы облысы	12	18
4	Атырау облысы	10	38
5	Шығыс Қазақстан облысы	10	24
6	Жамбыл облысы	11	20
7	Батыс Қазақстан облысы	10	21
8	Қарағанды облысы	15	29
9	Қостанай облысы	10	26
10	Қызылорда облысы	10	23
11	Маңғыстау облысы	10	19
12	Павлодар облысы	10	13
13	Солтүстік Қазақстан облысы	9	18
14	Түркістан облысы	9	13
15	Алматы қаласы	18	28
16	Шымкент қаласы	7	14
17	Нұр-Сұлтан қаласы	8	17
Барлығы		180	382

Оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу процесін қамтамасыз ету және оқу процесіне одан әрі енгізу мақсатында «Талар» КЕАҚ «Жас маман» жобасы шеңберінде ТЖКОББ білім беру бағдарламалары бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар) әзірленді.

Сонымен қатар, «Жас маман» жобасына қатысатын ТЖКОББ ұйымдарына «Талар» КЕАҚ ұйымдастыратын және өткізетін біліктілікті

арттыру курстарына (қыркүйек-қараша) ТжКОББ ұйымдарының педагогтері мен басшыларының қатысуын қамтамасыз ету ұсынылады (2-кесте).

«Жас маман» жобасына қатысатын 2000 техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшыларының біліктілігін арттыру курстары:

1) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымын трансформациялау процесіндегі басшының рөлі»;

2) «Білікті кадрлар даярлаудың халықаралық тәжірибесін пайдалануда педагогтарды кәсіби дамыту».

2 кесте.

№	Аймақтың атауы	Колледждер саны	Педагогтер саны	Басшылар саны	Тындаушылардың жалпы саны
1	Ақмола облысы	11	72	50	122
2	Ақтөбе облысы	10	62	50	112
3	Алматы облысы	12	82	50	132
4	Атырау облысы	10	60	50	110
5	Шығыс Қазақстан облысы	10	60	50	110
6	Жамбыл облысы	11	74	50	124
7	Батыс Қазақстан облысы	10	60	50	110
8	Қарағанды облысы	15	95	75	170
9	Қостанай облысы	10	60	50	110
10	Қызылорда облысы	10	60	50	110
11	Маңғыстау облысы	10	60	50	110
12	Павлодар облысы	10	60	50	110
13	Солтүстік Қазақстан облысы	9	50	50	100
14	Түркістан облысы	9	58	42	100
15	Алматы қаласы	18	125	75	200
16	Нұр-Сұлтан қаласы	8	60	30	90
17	Шымкент қаласы	7	55	25	80
	Барлығы	180	1153	847	2000

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға қатысты

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды

мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» №125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

2021-2022 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: қазақ тілінде оқытатын топтар үшін қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті; орыс тілінде оқытатын топтар үшін орыс тілі, қазақ тілі және әдебиеті; Қазақстан тарихы, математика және тереңдетілген деңгейдегі пәндер бойынша емтихандар өткізуді көздейді.

Бақылау жұмыстары, сынақтар және курстық жобалар (жұмыстар) пәнді және/немесе модульді оқытуға бөлінген оқу уақыты есебінен, емтихандар аралық және/немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі.

Сынақтар тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес жалпы білім беретін/арнайы пәндер және (немесе) модульдер, базалық модульдер бойынша, сондай-ақ курстық жобаларға (жұмыстарға), кәсіптік практикадан сараланған бағалары/баллдармен («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық» және «қанағаттанарлықсыз») жүргізіледі.

Сынақтар үлгерімді ағымдағы бақылау бағалары негізінде қойылады.

Аралық аттестаттауды өткізу кезінде емтихан билеттері бойынша тапсырмаларды орындау үшін ауызша емтиханға әрбір білім алушыға 25 (жиырма бес) минуттан аспайтын уақыт бөлінеді, жазбаша емтихан өткізуге:

- 1) шығармаға және (немесе) эссеге 6 астрономиялық сағат;
- 2) тестілеуге 4 академиялық сағат;
- 3) мазмұндауға 3 астрономиялық сағат;
- 4) диктантқа 2 астрономиялық сағат бөлу көзделеді.

Жазбаша (тест тапсырмалары) емтихан жұмыстары білім беру ұйымының мөртабасы қойылған қағазда орындалады.

Біліктілік емтихандары әрбір біліктілік бойынша практикалық жұмыс немесе демонстрациялық емтихан нысанында ТЖКБ ұйымының оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында және оқу орталықтарында және/немесе кәсіпорындардың өндірістік алаңдарында өткізіледі.

Аралық аттестаттау шеңберінде біліктілік емтиханын өткізу кезінде тапсырманы орындау үшін 1 емтихан алушыға 6 сағаттан аспайтын, ал демонстрациялық емтихан нысанында 1 емтихан алушыға 12 сағаттан аспайтын уақыт бөлінеді. Демонстрациялық емтихан МЖМБС-ға біліктілік емтиханының бір түрі ретінде енгізілген және әрбір біліктілік бойынша ТЖКОББ ұйымдарының оқу-өндірістік шеберханаларында, зертханаларында және оқу орталықтарында, кәсіпорындардың өндірістік алаңдарында өткізіледі.

Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды қоспағанда, біліктілік емтиханын, оның ішінде демонстрациялық емтихан және/немесе жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және/немесе модульдер бойынша қорытынды емтихандар нысанында өткізу немесе дипломдық жобаны (жұмысты) орындау және қорғау немесе арнайы пәндердің және/немесе модульдің біреуі

бойынша қорытынды емтихан тапсыра отырып, дипломдық жұмысты орындау және қорғау көзделеді.

5. Дуальды оқыту шеңберінде оқу процесін ұйымдастыруға қатысты

Ағымдағы жылы дуальды оқытуды ұйымдастыруға қатысты келесі нормативтік құқықтық актілерге:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес дуальды оқыту кезінде студенттердің практикадан өту мерзімі еңбек өтіліне есептеу;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» бұйрығының білім алушының өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту мерзімдерін көрсете отырып, дуальды оқыту туралы шартқа қосымша бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес (ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы) дуальды оқыту туралы шарт білім алушының еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы» бұйрығының 2-тарауының 5-тармағына сәйкес, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы мемлекеттік мекемесінің бұйрығымен кәсіпорын (ұйым) білім алушының кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту мерзімдерін көрсете отырып, дуальды оқыту туралы шартқа қосымшаны толтырады.

Өндірістік оқыту және кәсіптік практика аяқталғаннан кейін білім алушыға дуальды оқыту туралы шартқа қосымша беріледі, оны білім алушы жұмысқа орналасу кезінде ұсынады.

Бұл колледж түлектерінің жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Дуальды оқыту кезіндегі шығыстарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына нормативтік қаржыландыру, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру әдістемесіне сәйкес

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары кәсіпорындарға (ұйымдарға) өтейді.

Дуальды оқыту үшін Қазақстан Республикасының Өңірлік кәсіпкерлер палатасының тізілімінде тіркелген дуальды оқыту туралы үш жақты жасалған шарттар негіз болып табылады.

6. «Әлеуметтік студенттік кредит» жобасын іске асыруға қатысты

«Әлеуметтік студенттік кредит» жобасын (бұдан әрі - жоба) іске асыру мақсатында студент жастарды волонтерлік қозғалысқа тарту және Жобаға қатысу жөніндегі жұмысты жүргізу үшін білім басқармасынан жауапты адамды тағайындау қажет.

Бұл жоба әлеуметтік студенттік кредит беру түрінде оларды материалдық көтермелеу жолымен ерікті әлеуметтік бағытталған, қоғамдық пайдалы қызметке тартылған колледждер, жоғары оқу орындары студенттерінің үлесін арттыруды көздейді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің салалық көтермелеу жүйесін бекіту туралы» № 324 бұйрығы).

Осыған байланысты оқу жылының басынан бастап квота орындарын бөлуге сәйкес оқу орындарының жобаға қатысуы бойынша жұмысты ұйымдастыру қажет (ҚР БҒМ 19.07.2021 ж.4-13-5/2823 хаты).

Жоба бойынша уақтылы төлемдерді жүзеге асыру үшін жауапты тұлғалар есепті айдың 20-күнінен кешіктірмейтін мерзімде мынадай құжаттарды қағаз түрінде «Қаржы орталығы» АҚ-ға жеткізуді қамтамасыз етуі қажет:

1. ТЖКОББ ұйымының ілеспе хаты.
2. Студент волонтерлік қызметті жүзеге асырған ұйымның растау хаты.
3. Студенттің жеке куәлігі (көшірмесі).
4. Студенттің жеке шотының болуы туралы мөрі бар банктен үзінді көшірме.
5. Студенттің мәртебесін растайтын ТЖКОББ ұйымының анықтамасы (қолы мен мөрі бар).
6. Қатысушы студенттің атқарған жұмысы туралы есеп.
7. Үш фотосурет (суретте әлеуметтік бағдарланған, қоғамдық пайдалы қызмет туралы ақпарат болуы керек).
8. Оқу орнының банктік шотының болуы туралы анықтама.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша жоба үйлестірушісі - Құрмансеит Ақжол Ахатұлына хабарласу қажет, байланыс деректері: «Қаржы орталығы» АҚ, Мәңгілік Ел даңғылы, 18, тел.8 (7172) 695-127, тел. сот. 8 775 128 61 88.

7. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы

Колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінің күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік беретін тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ТжКОББ оқу орындарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында Министрлік Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 18 қаңтардағы № 24 «Жастар ісі жөніндегі Комитеттің, «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы қызығушылықтар бойынша клубтардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – әдістемелік ұсынымдар).

Әдістемелік ұсынымдар студенттердің алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын қазақстандық қоғамның дамуы үшін іске асыруға мүмкіндік беретін іс-әрекетті ұйымдастыру тәртібін, нысандарын, тәрбие нысандары мен жұмыс әдістерінің кешенін қамтиды.

Осыған байланысты оқу орындарында Жастар ісі комитеттерін, «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубтарын, қызығушылықтары бойынша клубтар құру бойынша жұмыс жүргізуді ұсынамыз. Осы бағыттағы жалпы басшылық пен қызметті үйлестіру басшылардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына бекітілсін.

Сонымен қатар, жеке тұлғаның үйлесімді дамуын, қазақстандық патриотизмді, азаматтық бірегейлікті және толеранттылық мәдениетін (Қазақстандағы мекетеп оқушылары мен студенттердің пікірсайыс қозғалысының жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы) қалыптастыруды қамтамасыз ететін неғұрлым тиімді зияткерлік құрал ретінде студент жастар арасында пікірсайыс қозғалысын дамыту жөнінде шаралар қабылдау, сондай-ақ өңірдегі пікірсайыс қозғалысының дамуын үйлестіруге жауапты қызметкерді тағайындау қажет.

8. Қашықтықтан оқыту кезінде карантин кезінде туындаған білім алушылардың білімдеріндегі, дағдыларындағы және практикалық дағдыларындағы олқылықтардың орнын толтыру жөніндегі іс-шараларға қатысты

ТжКБ оқу-әдістемелік кабинеттеріне (облыстық, қалалық):

- білім алушылардың білімін толықтыру және олқылықтарды жою процесін әдістемелік сүйемелдеу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру;
- ТжКОББ ұйымдарында қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша озық тәжірибені зерделеуді және таратуды қамтамасыз ету;
- тәжірибелі педагогтердің, оның ішінде «Қазақстан Республикасының үздік педагогы» атағының иегерлерінің қатысуымен оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану бойынша мастер-класстар, вебинарлар, семинарлар, ашық сабақтар ұйымдастыру;

- білім алушылардың білімдеріндегі, дағдыларындағы және практикалық дағдыларындағы олқылықтардың орнын толтыру бөлігінде іс-шараларды ұйымдастыру бойынша өңірлік жоғары оқу орындарымен өзара іс-әрекет жасау.

Білім беру ұйымдарына:

Білім алушылардың білімдеріндегі, біліктеріндегі және практикалық дағдыларындағы олқылықтарды анықтау, жою және толықтыру бойынша жүйелі негізде іс-шаралар ұйымдастыру:

- білім алушылардың біліміне, білігіне және практикалық дағдыларына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

- ТжКОББ ұйымдарының колледждердің ресурстық орталықтарымен және әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

- педагогтер, өндірістік оқыту шеберлері, тәлімгерлер мен ата-аналар үшін вебинарлар, семинарлар, конференциялар ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізу;

- модульдер/пәндер бойынша, оның ішінде әлеуметтік әріптестер базасында консультациялар мен қосымша сабақтар өткізуді қарастыру;

- білім беру ұйымдарының 1-2 курс білім алушыларына, мектеп оқушыларына консультациялық және/немесе репетиторлық қызметті жүзеге асыру бойынша педагогикалық колледждер білім алушыларының волонтерлік қызметін ұйымдастыру;

- білім беру платформаларының контентін пайдалану бойынша мониторинг жүргізу және т. б.

Бейіндер бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктерге:

- ТжКОББ ұйымдарына білім алушылардың білімдеріндегі, біліктеріндегі және практикалық дағдыларындағы олқылықтарды жою бойынша қосымша ресурстарды, оның ішінде цифрлық ресурстарды: әдістемелік құралдар, тапсырмалар жинақтары, жаттығулар жинақтары, дидактикалық материалдар және басқаларын әзірлеу бойынша консультативтік көмек көрсетуді жүзеге асыру;

- ТжКОББ ұйымдарында қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша озық тәжірибені зерделеуді және таратуды қамтамасыз ету;

- оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру және ТжКОББ ұйымдарына консультациялық көмек көрсету бойынша конференциялар, семинарлар ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Педагогтерге:

- олқылықтарды анықтау мақсатында білім алушылардың біліміне, білігіне және практикалық дағдыларына мониторинг жүргізу;

- қажеттілігіне қарай білім алушылардың білімдеріндегі, біліктеріндегі және практикалық дағдыларындағы олқылықтарды жою бойынша: сабақ жоспарларын түзету, консультациялар, факультативтік сабақтар, қосымша сабақтар(білім беру ұйымдарында немесе әлеуметтік серіктестер базасында), экскурсиялар, мастер-класстар және т. б. іс-шаралар өткізу;

- білім беру контентін қалыптастыру және өзектендіру бойынша жұмысты жалғастыру (бейнесабақтар, электрондық кітаптар, қосымша материалдар);

- оқу процесін ұйымдастыруда қол жетімді сандық ресурстарды пайдалану.

«Талап» КЕАҚ:

- бейнесабақтарды, электрондық оқулықтар мен қосымша материалдарды каталогқа орналастыру бойынша жұмысты жалғастыру;

- оқытудың инновациялық, цифрлық технологиялары мен оқыту әдістемелерін енгізу бойынша ТЖКОББ ұйымдарының педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлеріне арналған курстық оқытуды жүргізуді жалғастыру.

Результаты согласования

31.08.2021 09:34:21: Жунусов Е. Г. (Департамент технического и профессионального образования) - -
согласовано без замечаний